

**1998 жылғы 6 шілдедегі жер қойнауын пайдалануға арналған егеменді құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің табанын бөлу туралы келісімге Хаттаманы іске асырудың кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 13 маусым N 637а.

1998 жылғы 6 шілдедегі Жер қойнауын пайдалануға арналған егеменді құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің табанын бөлу туралы келісімге 2002 жылғы 13 мамырда Мәскеу қаласында жасалған Хаттаманы іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан "Құрманғазы" ("Құлалы"), "Центральная" геологиялық құрылымдары мен "Хвалыньское" кен орнының көмірсутекті ресурстарын барлау және пайдалану жөніндегі уәкілетті ұйым болып тағайындалсын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.02.2019 № 65 қаулысымен.**

**1-1. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 14.02.2019 № 65 қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ресей тарапын Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан "Құрманғазы" ("Құлалы"), "Центральная" геологиялық құрылымдары мен "Хвалыньское" кен орнын бірлесіп игеру жөніндегі уәкілетті ұйымдардың тағайындалғандығы туралы хабардар етсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.07. N 383 қаулысымен**

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. "Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы көмірсутегі кен орындарын геологиялық зерделеу және игеру үшін блоктардың берілуі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 шілдедегі N 1050а қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 және 3-тармақтар алынып тасталсын;

5-тармақтағы "1, 2-тармақтарына" деген сөздер "1-тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ. Мәсімовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК